

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Академиялық мәселелер жөніндегі департамент

АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ

Түркістан - 2018

МАЗМҰНЫ

Қысқартулар.....	3
1. Жалпы ережелер	4
2. Құндылықтар декларациясы.....	4
3. Тәртіп және этика ережелері	5
3.1 Жалпы ережелер	5
3.2 Оқытушы этикасы	6
3.3 Студент этикасы.....	7
4. Академиялық адалдықтың бұзушылықтары.....	8
5. Жауапкершілік, тәртіп бұзушылықтар мен шара қолдану мәселелері.....	10
5.1 Қызметкерлер мен студенттердің Кодексті сақтау жауапкершілігі	10
5.2 Этикалық және академиялық бұзушылықтар.....	11
5.3 Шара қолдану.....	12

Қысқартулар

- МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;
ХҚТУ – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
ОПҚ – Оқытушы-профессорлар құрамы;
СӨЖ – Студенттің өзіндік жұмысы;
СОӨЖ – Студенттің оқытушының басшылығымен өзіндік жұмысы;

1. Жалпы ережелер

Осы Академиялық адалдық кодексі (бұдан былай – Кодекс) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына (2018 жылғы 04 маусымдағы өзгерістермен), 2018 жылғы 31 қазандағы №604 жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы және 2018 жылдың 30 қазанындағы №595 Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы бұйрықтарына, сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің (бұдан былай – ХҚТУ) Жарғысына, Ахмет Ясауи Университетінің 2019-2023 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарына сәйкес әзірленді.

1. Осы Кодекс ХҚТУ білім беру қызметін жүзеге асыру және білім беру бағдарламаларын меңгеру кезінде тәртіп нормаларын анықтайды, білім алу барысында, жазбаша жұмыстарды орындау (курстық және дипломдық жұмыс, магистрлік және докторлық диссертация, ғылыми мақала жариялау, жұмыс баяндамасы немесе конференция мен өз еңбегі ретінде ұсынылған басқа да жазбаша жұмыстар) кезінде, емтиханға жауап беруде, зерттеулерде, өз ұстанымын білдіруде, қызметкерлермен, оқытушылармен өзара қарым-қатынаста, сондай-ақ бағалауда студенттің адалдығының көрінісін білдіретін құндылықтар мен қағидалар жиынтығын білдіреді.

2. Осы Кодекстің мақсаты білім беру үдерісінің барлық қатысушыларында (студенттерде, магистранттар мен докторанттарда, оқытушы-профессорлар құрамында, әкімшілік-басқарушылық және оқу-көмекші қызметкерлерінде) академиялық адалдықты сақтау қажеттілігінің түсінігін қалыптастыру болып табылады.

3. Академиялық адалдық саласындағы міндеттер:

- 1) академиялық адалдықтың бұзылу жағдайларын болдырмау;
- 2) академиялық адалдықты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жағдай жасау;
- 3) авторлықты және материалға меншік құқығын көрсету.

4. 30.10.2018ж. №595 бұйрықтың 37-тармағында көрсетілген Академиялық адалдық қағидалары:

1) адалдық – білім алушылардың оқу жұмысының бағаланатын және бағаланбайтын түрлерін адал, әдепті орындау;

2) автордың және оның мирасқорларының құқықтарын қорғауын жүзеге асыру – бөгде сөзді, ойды дұрыс тарату және бағаланатын жұмыстардағы ақпараттың дереккөздерін көрсету арқылы авторлықты растау және авторлық құқықтың объектісі болып табылатын шығармаларды қорғау;

3) ашықтық – айқындық, өзара сенім білдіру, білім алушылар мен оқытушылар арасында ақпаратпен және идеялармен ашық бөлісу;

4) білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу – пікірлер мен идеялардың бос айтылу құқығы;

5) теңдік – әрбір білім алушы академиялық адалдық қағидаларын ұстануды және оларды бұзу үшін тең жауапкершілікті қамтамасыз етеді.

5. Оқытушы-профессорлар құрамы (мұнан кейін – ОПК), әкімшілік-басқарушылық және оқу-көмекші қызметкерлер, ХҚТУ студенттері осы Кодекспен, сондай-ақ оның нормаларын бұзу салдарымен танысуы тиіс.

2. Құндылықтар декларациясы

6. Ахмет Ясауи университетінің миссиясы: Түркі тілдес мемлекеттер мен қауымдастық жастарына бір шаңырақ астында сапалы білім беру және инновациялық оқыту мен ғылыми зерттеулерде көшбасшы болу.

7. Ахмет Ясауи университетінде атқарылатын барлық іс-шаралар төменде көрсетілген құндылықтар шеңберінде жүзеге асырылады:

1) Рухани жаңғыру: Адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу, ұлттық бірегейлікті сақтау, сананың ашықтығы.

2) Достық, теңдік және төзімділік: Университет, барлық іс-шараларын, құрылтайшы мемлекеттердің арасындағы достық, теңдік және мәдени айырмашылықтарға құрмет көрсету және өзара төзімділік таныта отырып жүргізеді.

3) Айқындылық: Оқу орнындағы үдерістер университетпен қарымқатынас орнатылған ұйымдар/мекемелер (жұмыстар) алдында ашық-айдын жүзеге асырылады.

4) Парасаттылық (integrity) – оқу орнының барлық ғылыми педагогикалық және әкімшілік қызметкерлерінің бойында құқықтық таным мен құқықтық мәдениеттің салтанат құруы.

5) Кәсібилік: оқытушы-профессорлар құрамының кәсіби дағдыларды меңгеру дәрежесі, студенттерді оқытуға бағытталған білімділігі, тәртіптілігі, дамытушылық қабілеті.

6) Инновациялық: Оқытушының рухани белсенділігі арқылы оқу, ғылыми-зерттеу үдерісінде жаңа жоспарлау, жобалау, білімді игерудің жаңа жолдарын қалыптастыру.

8. ХҚТУ ұжымы – бірыңғай команда, онда әркім:

- университет қызметінің жалпы нәтижесіне жеке үлес қосуына жауапты болуы;
- сенім, өзара көмек және жауапкершілік қағидаларына негізделіп әрекет етуі;
- толерантты және тәртіпті болуы – бұл университеттің барлық академиялық, оқытушылық және әкімшілік қызметкерлері арасындағы құқықтық мәдениет және құқықтық сана табысы;
- құрылтай мемлекеттер арасында достыққа, теңдікке және мәдени айырмашылыққа қатысты өзара төзімді болуы;
- Университетте барлық үдерістердің айқындығын орнатуы;
- тұтастай университет мүддесі үшін қолайлы моральды-психологиялық климаты қолдауы;
- университеттің әр қызметкері мен студенттің білімі мен дарынын, үлесін, тәжірибесін ескеруі және бағалауы;
- тұлғаның өз пікірін еркін білдіру құқығына құрметпен қарауы;
- ұжым мүшелері арасында кез келген айырмашылықтарға төзімді болуы;
- университеттің даму мәселелерін талқылауда, қарым-қатынаста ашық және тілектес болуы;
- ХҚТУ-дің сыртқы әріптестерінің талап-сұраныстарын зерттей келе және ағымдағы сұраныстар мен болашақ қажеттіліктерді жылдам қабылдап, оларды құрметтеуі және бағалауы;
- өз қызметінің барлық салаларында академиялық адалдық қағидаларын сақтауы және адал, еркін және ашық бәсекелестікті ұстануы тиіс.

3. Тәртіп және этика ережелері

3.1. Жалпы ережелер

9. Қызметкерлер мен студенттер:

- осы Кодекстің ережелерін сақтауға;
- қоғамда көпшілік мақұлдаған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға;
- университет беделін нығайтуға көмек беруі және оған зиянын тигізуі мүмкін мінез-құлықтан тартынуға;
- жалпы адами құндылықтарды құрметтеуге;

- барлық қызметкерлер мен білім алушылардың заңды құқықтарын мойындауға;
- студенттер мен қызметкерлердің, сондай-ақ өзінің кәсіби және оқу қызметінде кездесетін басқа да тұлғалардың құқықтарын, абыройы мен беделін құрметтеуі, сонымен қатар студенттер мен қызметкерлерді кемсітушілік, қорлау және қысым көрсету сияқты барлық формалардан еркін, әділ қарау құқығын мойындауға;
- тұлғааралық қатынаста сыпайылық танытуға;
- студенттер мен мәдениет саласы қызметкерлері арасында әдептіліктің сақталуына көмекші болуға;
- жеке ұнату немесе жақтырмаушылықтың қызметтік шешімдерге ықпал етуіне мүмкіндік бермей, өз тәртібін, сезімі мен эмоцияларын қадағалауға;
- қызметтік немесе әлеуметтік жағдайға қарамастан, барлығымен бірдей әдепті қарым-қатынаста болуға;
- әріптестер мен білім алушылардың жеке өмірі мен мінез-құлқына, іскерлік қасиетіне қатысты кері пікірден тартынуға;
- жоғары жауапкершілік, тәртіп, объективтілік пен адалдық таныта отырып өзінің қызметтік және оқу міндеттерін орындауға;
- академиялық әділетсіздік актілеріне (плагиат, құжаттардың жасандылығы, мәліметтердің жалғандығы, бірлескен жалған авторлық, өзгенің нәтижелерін иелену т.б.) жол бермеуге;
- ұжымда өзінің жеке мінез-құлқымен және жұмыс пен оқуға деген қарым-қатынасымен тұрақты позитивті моральдық-психологиялық жағдай жасауға мүмкіндік беруге;
- қызметтік субординация және іскерлік этиканы сақтауға;
- оқу, өз бетімен білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу негізінде кәсіби, басқарушылық және тұлғалық біліктілікті дамытуға;
- толық ақпарат негізінде және ықтималды тәуекелдерді ескеру арқылы оны бағалауға негізделген шешім қабылдауға;
- өз міндеттерін орындау кезеңінде киімде іскерлік стильді ұстануға;
- университет мүлкін ұқыпты ұстау, университет ғимаратында: кабинеттерде, кітапханада, дәліздерде, оқу аудиторияларында, жатақханада құрал-жабдықты, тазалық пен тәртіпті сақтау, қызмет көрсетуші персоналдың еңбегіне құрметпен қарауға т.с.с.;
- университеттің позитивті мәртебесінің ілгерілеуіне септігін тигізуі және ХҚТУ-дің мәртебесіне нұқсан келтіретін ақпараттың таралуына жол бермеуге;
- университет пен жатақхана ғимаратында рұқсатнамалық тәртіп талаптарын сақтауы тиіс.

3.2. Оқытушының этикасы

10. Оқытушылар педагогикалық этика нормаларының төмендегі қағидаларын сақтауы тиіс:
- өздерінің функциялық міндеттерін адал және сапалы орындауы, еңбек тәртібін сақтауы;
 - оқыту және бағалау нәтижелеріне жауапкершілікпен қарауы;
 - студенттердің оқу жетістіктерін бағалауда әділдік пен ашықтық танытуы;
 - ғылыми зерттеулер жүргізу этикасының қағидалары мен ережелерін сақтауы;
 - студенттер мен әріптестерінің зерттеу этикасы мен академиялық тазалық қағидалары мен нормаларын сақтауларына септігін тигізуі;
 - студенттермен өзара сыйластық, студенттерге және өзіне талап қою негізінде қарым-қатынас құруы;
 - студенттердің абыройы мен беделін түсіретін пікірлерге жол бермеуі;

- сөз мәдениеті мен қатынас стилі талаптарын сақтауы;
- білім алушылар мен әріптестерінің пікіріне және көзқарасына құрметпен қарауы;
- оқытушының кәсіби беделі мен педагогикалық абыройын әрдайым ұстануы;
- алуан түрлі пікірлерге құрметпен қарауы;
- өзінің кәсіби тұрғыдан дамуымен үздіксіз айналысуы және педагогикалық шеберлік деңгейін арттыруда әріптестеріне көмектесе отырып кәсіби ынтымақтастық танытуы;
- әдептілік, объективтілік және туралық сақтауы;
- жалпы тәртіп мәдениетін сақтауы, қоршаған айналаға көңіл бөлуі, сыпайылық, туралық, ниеттестік, қайырымдылық, ұқыптылық танытуы;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық көріністеріне қарсылық көрсетуі;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдау және университет басшылығына сыбайлас жемқорлық көріністері туралы дереу хабарлауы;
- университет қызметкерлеріне сыйлық немесе басқа да сый-сияпаттар жасауды болдырмауы;
- Қазақстан Республикасының педагог қызметкері атағының беделін түсіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеуі тиіс.

3.3. Студенттің этикасы

11. Әрбір білім алушы төмендегі тәртіп ережелерін сақтауы тиіс:
- оқу тапсырмаларын және білімді бақылаудың барлық формаларын дер кезінде тапсырумен қатар білім беру бағдарламасы мен оқу жоспарының талаптарын орындауы;
 - оқу кезінде оппоненттердің пікірін сөзсіз құрметтей отырып, өз көзқарасын қалыптастыруға және қорғауға бағытталған мінез-құлық пен құзыреттілікті көрсетуі;
 - бекітілген кестеге сәйкес барлық сабақтарға қатысуы;
 - сабаққа кешікпеуі;
 - дәлелді себептермен (еңбекке жарамсыздық парағының негізінде уақытша еңбекке жарамау; табиғи апаттар; оған қатысты құқыққа қайшы әрекеттердің салдарынан зиян келтіру; тиісті өкілетті органның құжаттарымен расталған бала туу; білім алушының жақын туыстарының өлімі) сабақтан қалған жағдайда растаушы құжаттарды ұсыну арқылы бұл туралы факультет деканатына дер кезінде хабар беруі;
 - дәлелді себеппен сабақтан ерте кетуі туралы оқытушыға алдын ала ескертуі;
 - сабақ өткізуге кедергі болатын әрекеттерге (әңгімелесу, мобильді байланыс құралдарын пайдалану т.б.) жол бермеуі, оқу тәртібін сақтауы;
 - басқа да студенттер мен оқытушылардың пікіріне және көзқарастарына құрметпен қарауы;
 - оқытушымен өзінен басқалардың бағаларын талқыламауы;
 - студенттердің оқу қызметіне және оқытушылардың кәсіби қызметіне кедергі жасамай, оқу барысында, университеттің зерттеушілік және қоғамдық өмірінде белсенділік танытуы;
 - академиялық әділетсіздік әрекеттерінің немесе академиялық бұзушылықтың басқа да түрлерінің жасалуын болдырмауы;
 - зерттеу этикасының қағидалары мен ережелерін (өзара ережелерді сақтауы) сақтауы;
 - салдарынан басқа тұлғалардың академиялық еркіндігіне зиян келтіруі мүмкін Кодекс қағидаларын бұзатын тәртіпке жол бермеуі;
 - аудиториядан тыс шараларды (мәдени, спорттық шаралар т.б.) өткізу кезінде этикалық тәртіп нормаларын сақтауы;

– оқу пәнін оқыту сапасына қанағаттанбаған жағдайда өзінің дәлелді шағымдарын тікелей оқытушыға, кафедра меңгерушісіне немесе факультет деканына нақты түрде ұсынуы немесе сауалнама жүргізу барысында оларды сауалнамада көрсетуі;

– оқу дәрістеріне немесе емтихан сессияларына қатысу мүмкіндігі болмауына байланысты академиялық демалыс ұсыну туралы мүмкіндікті қарау қажеттілігі немесе ерекше жағдайлар пайда болған жағдайда бұл туралы дереу факультет деканатына хабарлауы;

– университет қызметкерлеріне сыйлық немесе басқа да сый-сияпаттар жасауды болдырмауы.

4. Академиялық адалдық бұзушылықтары

12. Академиялық адалдықтың астарында білім алушының білім алу кезінде жазбаша жұмыстарды (курстық, емтихан, эссе, диплом, диссертация т.б.) орындауда, емтихандарға жауап беруде, зерттеулерде, өз ұстанымын білдіруде, академиялық персоналмен, оқытушылармен және басқа да студенттермен өзара қарым-қатынаста, сондай-ақ бағалауда тазалығын білдіретін құндылықтар мен қағидалар жиынтығы айтылады.

13. Академиялық әділетсіздіктің астарында оқу, ғылыми және еңбек қызметімен байланысты кез келген әділетсіздік айтылады.

14. Академиялық адалдық бұзушылықтарының түрлері:

Плагиат – басқа тұлғалардың академиялық, ғылыми, зерттеушілік, публицистік және аналитикалық қызметінің нәтижелерін әдейі немесе байқаусыз толық не жартылай иелену және одан әрі пайдалану. Сондай-ақ басқа адамның идеяларын, тұжырымдамаларын, пікірлерін немесе айтқан сөздерін дереккөздерді тиісінше көрсетпей беру, түпнегізін көрсетпей мәтінді бір тілден екінші тілге аудару да плагиат болып саналады.

Келесі әрекеттер де плагиат ретінде бағаланады:

- түпнегізге сілтеме және тиісінше дәйексөз бермей басқа тұлғаның жазбаша жұмысының толық мәтіндерін немесе мәтін үзінділерін тікелей көшіру. Бұл ереже сондай-ақ ғаламтордан немесе басқа да электронды дереккөздерден материалдар көшіруге жатады;
- түпнегізді тиісінше көрсетпей мәтін элементтерін өзгертіп беру немесе сөздерін жартылай өзгерту;
- сөздерді өзгерту, түпнегізге сілтеме жасамай сөйлем құрылымын көшіру немесе дереккөзге сілтеме жасамай бір не бірнеше сөйлемдерді мағынасына жақындатып өзгертіп беру;
- түпнегізді көрсетпей және/немесе автордың келісімінсіз кестелерді, суреттерді, сызбаларды тағы басқа ақпараттың визуалды көріністерін пайдалану;
- бірлескен зерттеулердің немесе басқа оқу тапсырмаларының нәтижелерін иелену;
- басқа адамның толықтай немесе жартылай орындаған жұмысын өз атынан тапсыру немесе жариялау;
- академиялық жұмыстарды жазуға тапсырыс алу бойынша арнайы сервистік қызметтер ұсынатын басқа тұлғалардың орындаған жұмыстарын ұсыну немесе жариялау;
- жұмыс мәтінін әдейі бұрмалау, оның ішінде шрифтіні өзгерту, басқа алфавиттердің символдарын пайдалану, жұмыс мәтініне арнайы символдар қосу, сөздегі символ тәртібін өзгерту, мәтіннен символдар бөлігін алып тастау т.с.с.

Самоплагиат, яғни аталмыш мәтінге тиісті сілтеме жасамай, жаңа мәліметтер мен тұжырымдардың жоқтығы нәтижесінен, өзінің алдыңғы жарияланған мәтінінен толық

немесе жартылай пайдалану. Сонымен қатар, бір еңбектің барлық келесі, түзетілген және толықтырылған түрлері самоплагиатқа жатады (өзін-өзі көшіру) (самокопирование). Қайта басып шығарылған мәтін самоплагиаттың айқын үлгісі болып табылады.

Көшіру – білім алушының өзгенің интеллектуалды өнімін рұқсатсыз көшіруді көздейтін әділетсіз оқу тәртібі.

Келесі әрекеттер көшіру болып саналады:

- емтихан материалдарына немесе тапсырмалардың мәнін ашатын емтихан материалдары туралы ақпаратқа заңсыз қол жеткізіп алу;
- шпаргалка, ұялы телефондар, басқа да мәтіндік хабарламалар құрылғыларын немесе өзіне не басқа білім алушыға көмек көрсету мақсатында ақпарат алудың заңсыз тәсілдерін пайдалану;
- басқа студенттің емтихан жұмысынан көшіру (оның рұқсатымен болса да, рұқсатсыз болса да);
- басқа студентке өзінің емтихан жұмысынан көшірту немесе жауаптарды басқа студенттерге беру;
- емтиханға бөлінген уақыт біткен соң емтихан тапсырмасын орындауды жалғастыру;
- басқа студентке емтихан тапсырмасын орындап беруге өтіну;
- басқа тұлғалар тарапынан жоғарыда сипатталған әрекеттердің қайсы бірін орындауға ықпал ету және мүмкіндік беру.

Қайталау – бір еңбекті өзінің жеке жұмысы ретінде ұсыну немесе ОПК алдын ала рұқсатын алмай бұрын басқа курста бағаланған жұмысты тіпті білім алушы оның авторы болған жағдайда да ұсыну әрекетін қосқанда оны түрлі бағалау мен талаптар аясында таныстыру.

Бұрмалау – бағаларды немесе тапсырма жауаптарын, академиялық жазбаларды немесе басқа да құжаттарды, мәліметтерді (ғылыми сараптама кезінде бақылаулар, сауалнама нәтижелерінің жазбаларын қолдан жасау), академиялық жұмыста қойған қолды қолдан жасау, әдейі қолдан жасау немесе академиялық жұмысты жарамсыз ету.

Келесі әрекеттер ғылыми еңбектерді/жұмыстарды бұрмалау болып саналады:

- эмпирикалық мәліметтерді зерттеу нәтижелерін қолдан жасау;
- үшінші тұлғалардың жүргізген ғылыми жұмыстарын/еңбектерін өзінің жеке жұмысы ретінде ұсынуы;
- қалған сабақтарына, емтихандарына жасанды немесе жалған медициналық анықтамалар немесе еңбекке қабілетсіздік парағы, уақытылы орындалмаған жұмыстар т.с.с. университетке берілетін қандай-да жалған құжаттарды ұсыну.

Академиялық өнімді ойлап шығару – білім алушының академиялық өнім мазмұнын саналы түрде бұрмалау болып табылатын академиялық бұзушылығы, яғни білім алушыларға жалған мәліметтерді академиялық өнімде ұсыну.

Жасыру – университет студенттерінің немесе қызметкерлерінің Кодекстің нормалары мен ішкі құжаттарды сақтамауы және қызметін адал орындамағаны туралы ақпаратты айтпай қалу немесе жасыру.

Келісу – басқа білім алушыны тексеруге және бағалауға тиіс кез келген академиялық жұмысты орындау.

Оқу ақпаратына заңсыз қол жеткізу және (немесе) оны тарату – емтихан сұрақтарының жауаптарын беру, білім алушыға бағалау кезінде қойылатын сұрақтар туралы мәлімет беру, бағаланатын жұмыстар үшін жартылай немесе толық материалды тиісті рұқсатсыз тарату, дайын баяндамаларды, эсселерді, тапсырмаларды және басқа да академиялық жұмыстарды сату немесе сатып алуға және/немесе сатуға көмек беру, білім

алушыларға ұсыну үшін электронды пошта, компьютер т.с.с. арқылы көшіріп бағаланатын жұмыстың жауаптарын кез келген жолмен ұрлау.

Заңсыз мүдделілік – оқытушы-профессорлар құрамына, сондай-ақ университет қызметкерлеріне түрлі формадағы марапаттар беру, сондай-ақ жеке мүдделілік фактілерін таныту.

15. Өзгенің интеллектуалды меншіктігін бұзатын әрекеттерге жол бермеу үшін:

- кез келген материалдарды пайдалану кезінде түпнегізге сүйену;
 - автор сөздерінің үзіндісін сөзбе сөз келтірген жағдайда мәтін бетін көрсету арқылы түпнегізге сілтеме жасау және тырнақшаны пайдалану;
 - жазбаша жұмыстарда сілтеме жасайтын түпнегіздерді библиографиялық тізімге қосу;
 - оқытушы рұқсат берген бірлескен жұмыс жағдайында білім алушылар орындалуы дербес негізде талап етілетін тапсырмаларды нақты шектей отырып бірлескен жұмыстың оқытушы белгілеген шекараларын қатаң ұстануы тиіс.
- Самоплагиат фактісіне жол бермес үшін:
- өзінің алдында жарияланған жұмысынан элементтерді пайдалану арқылы жұмыс жазу кезінде тиісті сілтемені көрсету.

16. Оқытушылар мен білім алушылар «Плагиатқа қарсы интернет-жүйеде» пәндерді, СӨЖ және СОӨЖ тапсырмаларын оқу аясында жазбаша жұмыстарды, бітіру диссертациялар мен жобаларды, монографияларды, мақалаларды тексеруге жауапты болады.

17. Докторанттар ҚР БҒМ БҒСБК талаптары бойынша өз бетінше диссертацияларды міндетті түрде тексеруден өткізуі тиіс.

5. Жауапкершілік, бұзушылықтар және шара қолдану мәселелері

5.1 Қызметкерлер мен студенттердің Кодексті сақтау жауапкершілігі

18. Университет академиялық немесе тәртіптік сипаттағы кез келген бұзушылық жағдайларды қарау кезінде қызметкерлер мен студенттердің конституциялық және заңды құқықтарын сақтауға міндетті.

19. Университет қызметкерлері мен студенттері осы Кодекстің нормаларын білуге және сақтауға, өз әрекеті мен тәртібіне бірдей деңгейде жауапты болуға міндетті.

20. Университеттің барлық қызметкерлері мен студенттері осы Кодекспен таныс болуы тиіс.

21. Құқықтық қамтамасыз ету бөлімі және Құжаттаманы және персоналды басқару бөлімі университетке жаңа қызметкерлерді қабылдауда оларды Академиялық адалдық Кодексімен таныстыруы тиіс.

22. Факультет деканаттары студенттерді осы Кодекспен таныстыруға міндетті.

23. Кодекс нормаларын білмеу оларды сақтамау жауапкершілігінен босатпайды.

24. Кодекстің сақталуын бақылау декандар мен университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.

25. Факультет декандары студенттермен және оқытушылармен тәртіп этикасы мен академиялық тазалықты жүйелі сақтау тақырыбына алдын-ала әңгімелесу өткізуі тиіс.

26. Қызметкерлерге Кодекс нормаларын сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және еңбек шарттарына/оқу шарттарына сәйкес шаралар қабылдау.

27. Студенттерге Кодекс нормаларын бұзғаны үшін осы Кодекстің ережелеріне және оқу шарттарына сәйкес шаралар қабылдау.

5.2 Этикалық және академиялық бұзушылықтар

28. Келесі жағдайлар тәртіп бұзушылық болып табылады:

- заңдылық қағидаларын, Конституция талаптарын, Қазақстан Республикасы заңнамаларын және басқа да нормативтік құқықтық актілерді бұзу;
- білім алушылар мен қызметкерлердің жасына, жынысына, ұлтына, дініне, азаматтығына, шығу тегіне, қызметтік және мүліктік жағдайы немесе кез келген басқа да жағдайына қарай кемсіту, қорлау және қысымшылық көрсету әрекеттері;
- Университет қызметкерлері мен білім алушылардың абыройы мен беделіне нұқсан келтіру;
- білім алушылар мен қызметкерлерге қатысты қысым көрсету, қорқыту немесе агрессия таныту;
- басқа білім алушылардың академиялық жұмысына әдейі араласу немесе кедергі жасау;
- субординация мен іскерлік әдепті бұзу;
- өз-өзінің немесе басқа білім алушының немесе қызметкердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіру;
- Университеттің компьютерлік желісіне рұқсатсыз қол жеткізу немесе абыройына нұқсан келтіретін компьютерлік қауіпсіздікті сақтамау;
- өрт қауіпсіздігіне қарсы ережелерді бұзу (темекі шегуге арнайы бөлінген жерлерден өзге Университет аумағында, оқу корпустары мен жатақханада темекі шегу);
- Университет мүлкіне шығын немесе зиян келтіру;
- Университет мәртебесіне нұқсан келтіретін және шындыққа жанаспайтын ақпарат тарату;
- ереже талаптарын, оқу келісім-шарттарын және Университеттің басқа да ішкі құжаттарын қосқанда, Университеттің негізгі талаптарын орындаудан бас тарту.

29. Келесідей әрекеттер этика нормаларын бұзушылық болып саналады:

- плагиат немесе өзге интеллектуалды меншікті иелену сияқты қаралатын кез келген әрекеттер;
- заңсыз жолмен алынған материалдарды пайдалану немесе бітіру жұмысын қосқанда, тапсырмаларды орындау не академиялық жұмыстарды жазу кезінде пайдаланатын материалдар мен мәліметтерді бұрмалау;
- академиялық және басқа да құжаттарды қолдан жасау;
- білім алушыларға жоғарыда сипатталған әрекеттердің қайсы бірін орындауға ықпал ету.

5.3 Шара қолдану

30. Бұзушылық жасаған тұлғаға қолданылатын жауапкершілік түрлері:

- ескерту;
- жұмысты және/немесе қойған бағаны жою;
- бағаланатын жұмыстарды, оның ішінде диссертациялық жұмыстарды қорғауға рұқсат бермеу;
- тәртіптік жаза қолдану;
- шығару/босату.

31. Білім беру үдерісінің қатысушылары тиісті Комитет/Кеңес шешімі бойынша бес жұмыс күні ішінде жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

32. Жауапкершілік әділдік орнату және жаңа бұзушылықтар жасауды ескерту мақсатында қолданылады.

33. Тиісті Комитетпен/Кеңеспен жауапкершіліктің бірнеше түрлері бір уақытта қолданылуы немесе қосымша міндеттер мен құқық шектеулер жүктелуі мүмкін.

34. Бұзушылық жасаған тұлғаға оны түзету және жаңа бұзушылықтарды ескерту үшін қажетті және жеткілікті жауапкершілік белгіленуі тиіс.

35. Жауапкершілікке тарту кезінде академиялық тазалықты бұзу сипаты, бұзушылықты жасаған адамның тұлғасы, оның ішінде оның бұзушылықты жасағанға дейінгі және кейінгі тәртібі ескеріледі.

36. Тиісті Комитетте академиялық тазалық қағидаларын бұзу фактісі туралы істі қарауда және тыңдауда бұзушылық жасаған тұлғаға оны тыңдау құқығы беріледі.

37. Бұзушылықтың әрбір жеке жағдайы жасаған бұзушылықтың ауырлық дәрежесіне, оның жасалу ниетіне, бұзушылықтан құтылу мүмкіндігіне, жасалу жүйелілігіне, оқу қызметінің нәтижелеріне қатысты бұзушылық салдарынан орын алуы мүмкін салдарына, басқа тұлғаларға немесе университетке тиер зиянына қарай жеке қарастырылады.

38. Білім алушының ғылыми жетекшісі, тиісті директорат, Университеттің тәртіптік кеңесі және жетекшілік етуші вице-президент академиялық және тәртіп бұзушылық ауырлығын анықтау және санкцияларды қолдануға қатысты шешімдердің жағдайларын алқалы түрде қарауға қатыстырылуы мүмкін. Ауыр дәрежедегі бұзушылық жағдайларына шешім қабылдауға ХҚТУ президенті қатыстырылады.

39. Әр жағдайды қарау бойынша материалдар жазбаша түрде рәсімделуі және білім алушының жеке ісінде Академиялық мәселелер бойынша департаментте сақталуы тиіс. Материал көшірмелері тиісті деканатта сақталады.

40. Білім алушылардың бұзушылық фактісі анықталғанда келесідей процедуралардың орындалуы талап етіледі:

- кез келген бұзушылықты жасаған білім алушы курс оқытушысына (академиялық бұзушылық жағдайында) немесе ғылыми жетекшіге (тәртіптік бұзушылық жағдайында) жағдайдың түсіндірмесін жазбаша түрде ұсынуы тиіс;

- оқытушы немесе ғылыми жетекші факультет деканының атына қызмет хат дайындап жібереді, онда бұзушылық фактісі, себептері, білім алушы мұндай әрекеттерді бұрын жасаған-жасамағаны туралы баяндайды, білім алушымен өткізген кездесу бойынша ақпаратты және білім алушыға қатысты әлеуетті санкцияларды ұсынады. Қызмет хатқа білім алушының түсіндірме хаты қоса беріледі;

- факультет деканы алдағы екі жұмыс күн ішінде құрамында декан орынбасары, қызмет хатты дайындаған ОПҚ және білім алушының ғылыми жетекшісі бар Тәртіптік комиссия (мұнан кейін – Комиссия) құрады. Факультет деканы комиссия төрағасының міндетін орындайды;

- Комиссия қызмет хатты қарайды. Комиссия шара қолдану туралы шешім шығарғанға дейін заң бөлімімен кеңеседі. Істің барлық мән-жайы анықталғаннан кейін осы Кодекстің 30 б. берілген шара қолданылады;

- Комиссия жиналыс өткізеді, оған білім алушы қатысады. Жиналыс хаттамасы жазбаша түрде рәсімделеді. Комиссия жиналысы құпиялық режимде өтеді;

- Декан білім алушыға жазбаша ескерту жібереді, онда жасалған бұзушылықтың фактілері, қолданған шаралар және белгіленген шара қысқаша баяндалады. Білім алушы белгіленген шара туралы жазбаша ескертуді алғаны жөнінде қол қоюы тиіс;

- Комиссия, қажет болған жағдайда, жасаған бұзушылықтың ауырлығына қарай жетекшілік ететін вице-президентті немесе ректорды шешім қабылдауға қатыстырады немесе қатыстыруы мүмкін.

- Декан Академиялық мәселелер жөніндегі департаментке хабарлайды және оларға тиісті бұйрықты даярлау үшін материалдарды жеткізеді.

41. Білім алушылардың академиялық бұзушылық жағдайында университет келесідей шаралар қолдана алады:

- мәселенің орындалуына немесе оның күрделілігіне талап етілетін тақырып бойынша өзгеріс енгізу арқылы оқу тапсырмасын қайталап орындау;
- академиялық бұзушылық түріне қарай тапсырманың немесе тұтастай курс бойынша бағасын төмендету;
- жеке іске енгізбей жазбаша ескерту;
- жеке іске енгізу арқылы жазбаша ескерту;
- сабақтан шеттету;
- емтихандарды ақылы негізде тапсыру арқылы курсты қайталап оқуға апарып соғатын курстан шығару;
- университеттен шығару.

42. Білім алушы тәртіптік бұзушылық жасаған жағдайда университет келесідей шараларды қолдана алады:

- ауызша сөгіс (ескертпе, ескерту);
- жеке іске енгізу арқылы жазбаша ескерту;
- мемлекеттік органға жұмыс орны бойынша бұзушылықты көрсету арқылы хат жіберу;
- белгілі уақыт кезеңіне тәртіптік сынақ мерзімі;
- спорттық және мәдени шараларға қатысуын шектеу;
- сабақтан шеттету;
- емтихандарды ақылы негізде тапсыру арқылы курсты қайталап оқуға апарып соғатын курстан шығару;
- зиянды өтеу;
- жатақханадан шығару;
- университеттен шығару.

43. Плагиат немесе самоплагиат фактілері айқындалғанда келесідей шаралар қолданылады:

Плагиаттың бітіруші жұмыстарда анықталу фактілері:

- тунұсқалығы 75%-дан төмен болғанда – университеттің Тәртіптік Кеңесінен ауызша ескерту;
- тунұсқалығы 70%-дан төмен болғанда – бұзушылықты деканатта белгілеу арқылы бітіруші жұмысты қорғауға рұқсат бермеу және бұзушылықты Ғылыми комитетке қарауға шығару.

Плагиаттың жазбаша және басқа жұмыстарда анықталу фактілері:

- тунұсқалығы 75%-дан төмен болғанда - Тәртіптік Кеңестен ауызша ескерту;
- тунұсқалығы 70%-дан төмен болғанда - бұзушылықты деканатта белгілеу
- Деканаттың шешімімен бұзушылықты Ғылыми комитетке қарауға шығару.